

Калиева Е.Т.

**Ресей тарихнамасындағы империялық басқаруды жүйесін зерттеудің
басымды бағыттары: Дала өлкесі мысалы негізінде**

(Алматы қ., т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ-і, әлем тарихы
кафедрасы)

Әлемдегі алып империялардың бірі - КСРО-ның ыдырауы «империя» проблемасын зерттеу тарихына мүлдем жаңа серпіліс әкелді. Ресей тарихнамасында Ресейдің империя ретіндегі рөлі және оның шеткері ұлттық аймақтардағы саясаты, ондағы басқару жүйесі жайында айтыла бастады. Сондай шеткері ұлттық аймақтардың қатарына Дала өлкесі де жатады. Көбінесе, Дала өлкесіндегі отарлық басқару жүйесі турасында: Ресей империясының ұлттық аймақтарда жүргізген саясаты жергілікті халықтар үшін «абсолютті зұлымдық» болғанды толығымен мойындалды.

Осындай жағдайда Ресей тарихындағы империяның алатын орны белсенді түрде қолға алына бастады. Сонымен, Ресей империясы тарихын зерттеу үдерісі барысында Дала өлкесі территориясында Ресей саясатын зерттеудің жаңа басымдылық бағыттары айқындалды.

Ресей империясының отарлық қызметінің мәнін анықтау, категориялық аппаратын негіздеу, теориялық - методологиялық негізін жасау міндеті тұрды. Бұл бағытта империялық нарративпен айналысып жүрген Н.Е.Бекмаханова [1] бөліп көрсетуге болады. Ал Дала өлкесіндегі Ресейлік басқару байланысты Ресей тарихнамасын талдай келе, аймақтың империялық тұрғыдан зерттелінбегендіне көз жеткізуге болады. Отандық тарихшылар тарапынан бұл сұрақтарды теориялық - методологиялық контексте қарастырылмай келеді. Қазақстандық және ресейлік ғалымдар арасында осы тақырып төңірегінде ғылыми ой алмасулар жетіспей отыр.

Бір ғана мәселені айтайық, ресейлік тарихнамада Дала өлкесі территориясы шеткері ұлттық аймақ немесе отар ретінде қарастырылмайды.

Кейбір қорғалған диссертацияларда Қазақстанның Ресейге қосылуы түсінігі «**Ресейдің жалпы империялық кеңістігіне интеграция**» ұғымымен алмастырылған. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына цитатаға назар аударайық, «Империя, включая в свой состав тот или иной регион на востоке, начинала прежде всего его властное освоение, интеграцию в имперское политико-административное пространство, последовательно используя окраины как военно-экономический плацдарм для дальнейшего имперского расширения ... Западная Сибирь и Оренбургский край - для Казахстана и Средней Азии), включая их в общие большие административные группы (генерал-губернаторства, наместничества)» [2].

Осыған байланысты Ресейлік тарихнамада қазақ жерлерінің **Ресейдің жалпы империялық кеңістігіне интеграция концепциясы шеңберінде** империялық тақырыптардағы зерттеулерде төмендегідей бағыттар айқындалды. Олар: біріншіден, аймақтарды империялық география контекстінде алып қарастыру, тіпті империялық билік географиясы түсінігі қолданылды. А.В.Ремнёв: «С позиций изучения *географии власти* чрезвычайно важно

выстроить пространственную структуру властных институтов в азиатской части империи, проследить их динамику, выявить основные направления управленческих процессов, влияние на них (менявшихся по степени воздействия в разные периоды) таких факторов, как физико-географические, этнические, конфессиональные, экономические и политические. Для интеграции периферийных регионов в состав Российской империи чрезвычайно важным был процесс «оцентрирования территории», создание локальных эпицентров имперского влияния» деп көрсетті.

Бұл бағытта зерттеулер Омск, Новосибирск орталықтарында жүріп жатыр. Екіншіден, ұлттық аймақтардағы империялық басқаруды зерттеудің методологиялық негізін жасау әрекеті (В.В.Трепавлов) байқалды. Ресейдің империялық тарихын зерттеу мен оның шеткері аймақтардағы рөлін бағалау бағытында, нәтижесінде кітаптар сериясы жарық көрді. Бұл зерттеу авторлары Ресей империясының қалыптасуы тарихын, перифериялық зоналардағы империяның рөлін көрсету барысында, Ресейдің бағындырылған территорияларға деген табиғи құқын жоққа шығармай көрсете білген. Дегенмен, Ресей тарихының империялық өлшемі мәселесінде Дала өлкесіне қатысты мәселеде терең бойлаулауға жол берілмей отыр. Орталық Азия аймағына басты объект рөлі беріліп, Дала өлкесі тек сөз арасында қозғалады.

XX ғ. 90-шы жылдары Ресейлік тарихнамада империя проблемасына деген қызығушылықтың оянуымен сипатталады. Осы кезден бастап, империя түсінігінің мәніне үңіліп, оның Ресей кеңістігінде көріну формаларына назар аударылды. Зерттеушілер «империя» түсінігін саяси ұйымның ерекше формасы ретінде кеңейтіп көрсетуге тырысып, қалыптасқан империяға байланысты көзқарасты Ресей шындығына бейімдеп өзгертуге ұмтылды.

Әсіресе, ресейлік ғылыми ортада империя проблемасының аймаққа бағытталған тәсілі кең таралып отыр. Бұл зерттеулерде Ресей империясының аймақтарда жүргізген реформаларына жан - жақты талдауда компаративистикаға (салыстырмалалық) жеке зерттеу тәсілі ретінде ерекше статус берілген[2]. Аталынған проблемамен айналысатын қазіргі ресейлік зерттеушілер қатарында И.В.Ерофеева, С.И. Каспэ, С.В. Лурье, А.В. Ремнев[3] және т.б. атауға болады.

Қазіргі кезеңде шеткері ұлт аймақтардағы Ресей империясының саясатын оқып үйренуде «жаңа империя тарихы» деп аталынған жалпы методологиялық тәсіл қолданылуда. Бұл жаңа методологиялық тәсіл империялық билік пен жергілікті халықтың арасындағы өзара күрделі әрекеттестікті сан - алуан бет бейнесін қайта қалпына келтіруді көздейді. Орталық және аймақтық биліктің қарым- қатынасының негізін кезінде атақты саясаткер Ш. Эйзенштадт[4] ұсынған империялық әкімшілік пен аймақ арасындағы қарым қатынастың әртүрлі бағытын сипаттайтын «орталық - периферия» концепциясымен түсіндіреді. Осылайша шет елдік зерттеушілердің концепцияларын қолдану проблеманың қамту аумағын кеңейтіп, шеткері аймақтардағы империялық саясаттың механизмі мен мазмұнын жаңартуға мүмкіндік берді.

Осыған байланысты ұлттық аймақтардағы ресейлік басқару жүйесі, оның институттарына, жергілікті ерекшеліктерге байланысты орталық пен жергілікті

биліктің қарым қатынасы механизмiне талдау жасау әрекетi байқалды. Ұлттық аймақтардағы әкімшілік қайта құрулар империялық кеңістік эволюциясының заңды этапы, аймақтармен қарым қатынас жүйесін жасау арқылы оның жаңа сапалық деңгейге өтуі ретінде сипатталды[5]. Айтылған жайттар қазіргі ресей тарихнамасындағы патша үкіметінің далалық облыстардағы отарлық басқару саясатына қолдануға болады.

Ресейде Қазақ даласының тарихын зерттеумен айналысатын бірнеше ғылыми орталықтар бар. Олардың екеуі Санкт-Петербургте орналасқан. РФА Шығыстану институты мен Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультеті базасында жұмыс істейді (С.Г. Кляшторный, Т.Н. Султанов). Осы институттың жанынан жарық көрген «Россия, Запад и мусульманский Восток в колониальную эпоху» атты мақалар жинағында Орталық Азиядағы дәстүрлі қауымдастықтардың Ресейдің әкімшілік саяси экспансиясы әсерінен трансформацияға ұшырауын қарастырылды. Осы институттың ұйымдастыруымен 1997 жылы Омскде «Россия и Восток: проблемы взаимодействия» деп аталынатын ғылыми конференциялар сериясы өтті. Сонымен қатар, Далалық өлкенің тарихын зерттеудің ғылыми аймақтық мектебін құруда неғұрлым бірізді шаралар жүргізген В.А.Моисеев басшылық еткен Барнаулдағы шығыстанулық зерттеулердің Алтай Орталығы болды.

Сондай ақ, Далалық облыстардағы патша үкіметінің қайта құруларын зерттеу саласында Н.Е.Бекмаханова мен Н.Б. Нарбаевтардың ғылыми қызметі өнімді болды. Н.Б.Нарбаев[6] XIX ғ. 60-90 жылдарындағы Ресей империясының әкімшілік саясатына кең түрде баға беріп, мемлекеттің өз ішіндегі ішкі саяси оқиғалармен тікелей байланыста көрсетті. Ол Ресей Мемлекеттік Кеңесінің қызметін империяның мемлекеттік институттары қызметінің негізгі бағытымен тығыз байланыста қарастырды. Ол Мемлекеттік Кеңестің материалдарымен таныса келе, Орта Азия мен Қазақстанды басқару жүйесіне «әскери-халықтық» деген сипаттама береді. «То есть, управление делилось на два уровня: общероссийская администрация со значительным военным элементом и народные учреждения, формировавшиеся на основе выборов представителей коренного населения... С одной стороны, жизнеспособность государства поддерживалась силовыми методами, с другой - широким кругом экономических, политических, административных, юридических и других мер».

Ресей мен Дала өлкесі халықтарының байланысын зерттеуде профессор А.П.Толочко[7] басшылық ететін Омск мемлекеттік университеті ғалымдары біраз еңбек етті. Ресей мен Қазақстандық ғалымдар бірлесіп өткізетін «Степной край Евразии: историко-культурные взаимодействия и современность» атты ғылыми конференциялар халықаралық статуска ие болды. Нәтижесінде, Омск зерттеушілері арасында жекеленген бағыттар қалыптасқан.

XIXғ. 20-60-шы жж. Далалық облыстардағы Ресей әкімшілігінің саясатына арналған Е.В. Безвиконнаяның[8] жұмыстарын айтуға болады. Бұл жұмыс та **Қазақстанның Ресейдің жалпы империялық кеңістігіне интеграция концепциясы шеңберінде жазылған.** Диссертациялық зерттеуінде Е.В. Безвиконная әкімшілік құрылымды реформалаудың кезеңдерін талдау жолымен

Ресей билігінің империяның әкімшілік құқықтық саласын теңестіру ұмтылысының іс жүзіне әрқашан жүзеге аспағандығын анықтайды. Сондықтан шеркері аймақтардың соның ішінде қазақ даласының ұлттық ерекшелігі мәселесі қашан империялық билік өкілдерінің «қалауынан» тыс туындап отырды.

Ресей империясының ұлттық аймақтармен қарым-қатынасы сипатына баға бергенде, батыстық тарихнамадан келген XX ғ. 60-шы жж. пайда болған модернизация теориясы туралы айтылады. Бас кезінде модернизациялық үдерістер дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға, аграрлық қоғамнан өндірістік қоғамға өту ретінде қарастырылды. Модернизация қоғамның барлық саласын қамтитын кешенді үдеріс деп бағаланды. Батыстық зерттеушілердің қазіргі көзқарасы өздеріне дейінгілердің дәстүрін жалғастырып отыр. Олардың көзқарастарының негізін өзгерген модернизация теориясы құрап отыр. Оның мәні: дәстүрлі қоғамның белгілі –бір сыртқы жағдайлардың әсерінен саналы түрде өзіндік дамуы. Бүгінгі жағдайда модернизация мен «қуып жету» теориясына қарсылар да батыстық үлгілерді басқа қоғамдарға күшпен танудың мүмкін емес екендігін алға тартады. Модернизациялық талдаудың классикалық және қазіргі нұсқаларының бір-біріне ұқсамайтындығын байқауға болады.

Сонымен, жаңа тарихнамалық дәстүр шеңберінде төмендегідей қағидалар орнықты: Ресейдің ұлттық шеткері аймақтармен қарым-қатынасы тарихы метрополия мен отар арасындағы қарым-қатынас ретінде империялық идеология шеңберінде қарастырылуы керек. Сондай-ақ, Ресей империясының отарлық басқару жүйесі басқа Еуропалық мемлекеттердегі ұқсас үдерістермен, Орталық Азиядағы жағдайдың дамуымен салыстырмалы ретроспективада қарау қажет.

Дала өлкесіндегі Ресей мемлекетінің саясаты тақырыбы қазіргі Ресей тарихнамасының жаңа кезеңге аяқ басқандығын көрсетті. Дәстүрлі кеңестік концепциялар қайта қаралып, зерттеудің ғаламдық империялық проблематика деңгейіне шығуы жүзеге асты. Аталынған тарихнамадағы бағыттар патша үкіметінің Дала өлкесін басқару саясатын әкімшілік-құқықтық модернизация концепциясы аясында қарастыруға жетелейді. XIX ғ. шеткері аймақты реформалау жолымен ресейлік империялық кеңістікті нығайту мақсаты қойылды. Тарихи үдерістерге жаңа көзқарастармен қарау ғылыми танымның көкжиегін кеңейтері сөзсіз.

1 Бекмаханова Н. Е. Казахстан и Средняя Азия // Национальные окраины Российской империи. Становление и развитие системы управления / ред. С.Г. Агаджанов, В.В.Трепавлов. М., 1998. С. 323—350; Российская империя в региональном измерении. Туркестан и Степной край. М., 2005. Ремнев А.В. Учреждение Степного генерал-губернаторства (К истории «окраинной политики самодержавия») Валихановские чтения (Тезисы респ. конф., 25-28 марта 1992 г.), Кокшетау, 1992, С. 11-18.; Ремнев А.В. Проблемы административно-территориальной организации Степного края в 60 начале 80-х гг, XIX в. Вест. науки ААУ (Ақмола), 1996. №7, С, 69-77; Ремнев А.В. Имперская история России: Азиатский вектор. Проблемы исследования и преподавания. Вестн. Омского ун-та. 2007. № 4. С. 6–16.

[idnakar.pochta.ru/flashcard/Statya A V Remneva.doc](http://idnakar.pochta.ru/flashcard/Statya_A_V_Remneva.doc)

2 Емельянова Н. М. Интеграция казахского населения степных областей Западно-Сибирского генерал-губернаторства в состав Российской империи. Дисс. на соис. уч.ст.канд.ист. наук. Омск ,2005.183 с.; Быков А. Ю. Российская правительственная политика

в степных областях и трансформация традиционного казахского общества :1731-1917 гг. Дисс. на соис. уч.ст. док.ист. наук. Санкт-Петербург, 2005

2 Российская империя в сравнительной перспективе / Под ред. А.И. Миллера. М., 2004. Центральная Азия в составе Российской империи. М., 2008; Западные окраины в составе Российской империи. М., 2007; Сибирь в составе Российской империи. М., 2008.

3 Ерофеева И.В. Русская имперская идея в истории. (К проблеме западно-восточного культурно-идеологического синтеза) // Россия и Восток: проблемы взаимодействия. Т. 2. М., 1993; Каспэ С.И. Империя и модернизация. Общая модель и российская специфика. М., 2001; Лурье С.В. Русские в Средней Азии: доминанты имперского сознания и способы их реализации // Цивилизации и культуры. Вып. 2. М., 1995; Ремнев А.В. Генерал-губернаторская власть в XIX столетии. К проблеме организации регионального управления Российской империи // Вестник Омского отделения Академии гуманитарных наук. Омск, 1997. С. 79-85;

Эйзенштадт Ш. Революция и преобразование обществ: Сравнительное изучение цивилизаций. — М., 1999.

5 Дамешек И.Л. Имперская концепция власти на российских окраинах (вторая половина XIX - начало XX вв.) // Вестник НГУ. Серия: История, филология / Новосибир. Гос. Ун-т. Новосибирск, 2005. Т. 4. Вып. 2: История. С.40; Дамешек И.Л. Российские окраины в имперской стратегии власти (начало XIX - начало XX вв.). Иркутск, 2005. - 246 е.; Медушевский А.Н. Административные реформы в России XVIII - XIX вв. в сравнительной исторической перспективе. Научно-аналитический обзор. М., 1990.

6 Нарбаев Н.Б. Государственный Совет России и Казахстан (60-90 гг. XIX в.). М., 1993; Он же. Россия и Евразия: проблемы государственности (вторая половина XIX- начало XX в.). М., 1997. . С. 177, С. 185-186.

7 Толочко А.П. Управление степным краем во второй половине XIX - начале XX века// История и культура Сибири. Омск, 2001; Степной край: зона взаимодействия русского и казахского народов (XVIII - XX вв.). Омск, 1998, 2001.

8 Безвиконная Е.В. Административное пространство «азиатского пограничья» Российской империи в XIX в. / Азиатская Россия: люди и структуры империи: сборник научных статей. Омск: Изд-во ОмГУ, 2005. С.310; Она же, Безвиконная Е. В. Административная политика самодержавия в Степном крае (20-60 гг. XIX в.). дис. . канд. ист. наук. Омск, 2002.

Түйін

Мақалада жекеленген ресейлік ғалымдардың «империология», биліктің империялық өлшемі» туралы еңбектері сарапталды. Сонымен қатар, «орталық» пен «периферия» немесе «ұлттық аймақтар» ара-қатынасын зерттеуге қатысты ғылыми қорытындылар қарастырылған. Тақырыпқа байланысты автор жалпы қолданыстағы терминдердің кешенді қамтылған түсініктерін беруге тырысқан.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются труды отдельных российских ученых о «империологии», «имперской измерении власти», а также подвергается изучению соотношение «центра» с «периферией» или «национальными окраинами», даются научные сформулированные выводы. На взгляд автора дается комплексно и всестороннеобобщенные определения общеупотребляемым терминам.

SUMMARY

In article works of separate Russian scientists about «империологии», «imperial power measurement» are analyzed, and also the parity of «center» with «periphery» or «national suburbs» is exposed to studying, the scientific formulated conclusions are given. It is in the author's opinion given in a complex and legal definitions to terms.